

Саудадан тыс төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1993 ж. N 954

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы қаласында 1993 жылғы 8 маусымда қол қойылған, Саудадан тыс төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы осыған қосылған келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Келісімнің бекітілгені туралы Қырғыз Республикасының Үкіметін хабардар ететін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Саудадан тыс төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Келісім

(1993 жылғы 3 қаңтарда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қырғызстан Республикасының ұлттық валютасы енгізілуіне байланысты Өзара міндеттемелер туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы келісімнің 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі (бұдан былай - Тараптар деп аталады) Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасында саудадан тыс төлемдерді қамтамасыз ету мақсатында мыналар жайында келісті:

1-бап

Тараптар екі жақтың аумағында тұрақты тұратын жеке адамдар мен сонда орналасқан заңды ұйымдарға саудадан тыс операциялар бойынша ұлттық валюталардағы ақшалай қаражатты еркін аудару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл операциялардың тізбесі мен жүзеге асыру шарттарын Тараптардың қаржы министрліктері арнаулы келісімде анықтайды.

2-бап

Саудадан тыс операциялар бойынша ұлттық валюталардағы төлемдер Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің Қырғыз Республикасының Ұлттық банкісіндегі және

Қырғыз Республикасы Ұлттық банкісінің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіндегі корреспонденттік есепшоттары арқылы жүзеге асырылады. Аталған төлемдер осы елдердің заңдарына сәйкес Тараптардың ұлттық банкілерінің келісуі бойынша ашылатын Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының коммерциялық банктерінің корреспонденттік есепшоттары арқылы да жасалуы мүмкін.

3-бап

Министрліктер мен ведомстволар Тараптардың қаржы министрліктері мен банктерінің келісуі бойынша саудадан тыс операциялар бойынша бір-бірімен есеп айырысуды жүргізу туралы екіжақты келісімдер жасасады.

4-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5-бап

Осы Келісімді орындау мен түсіндіруге байланысты барлық даулы мәселелер келіссөз жүргізу жолымен шешіледі.

6-бап

Осы Келісім оны мақұлдау үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы хабардар ету алмасылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі оны бұзғысы келетіні туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арна арқылы жазбаша нысанда хабардар еткенге дейін қолданыла береді. Осы Келісімге қатысудан бастарту туралы хабардар ету алынғаннан кейін үш ай өткен соң Келісім күшін жояды.

Алматы қаласында 1993 жылғы 8 маусымда түпнұсқалы үш дана етіп, әр қайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде жасалған, әрі Тараптардың екеуіне де барлық текстің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*